

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова  
Academician E. A. Buketov Karaganda University

**Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға  
алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
10 сәуір 2024 жыл**



**МАТЕРИАЛЫ  
Первой НеКонференции студентов физико-технического факультета «Первые шаги к  
науке» посвященной дню науки, 10 апреля 2024 год**

*Организатор и редакционная коллегия*  
Сериков Т.М.

**Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің бірінші «Ғылымға алғашқы қадам» атты НеКонференциясы материалдары.– Қарағанды, 2024.–106 б.**

Жинақта Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткізген, Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференция қатысушыларының баяндамаларының материалдары жарияланады.

*Конференция является частью учебного процесса по дисциплине «Основы научных исследований» и проводится для ознакомления обучающихся с формой проведения конференции!!!*



5-сурет. Шын мәніндегі студенттер үйінің қазіргі жағдайы

5-суретке назар аударсақ, шын мәніндегі студенттер үйінің қазіргі жағдайын көре аламыз. Бұл жағдайларды көп студенттер жасырып қалады, себебі оларға бұл мәселелердің сыртқа шықпауына талап қойылуы мүмкін. Бұл мәселелер көзімізбен көре отырып, осы жағдайларды шешуге үлесімізді қосқымыз келді. Суретте көрсетілгендей, студенттер өздерін суықтан қорғау үшін, терезені жабдықтауға мәжбүр. Және де жаңартылмаған жиһаздардың кесірінен студенттерге қиындық туындап жатыр. Осы мәселелердің кері әсерінен студенттер үйінің тұрғындарының саны жылдан-жылға азаюда.

Өзекті мәселелер арасынан студенттер үйінің тұру ақысы да қалыс қалмады. Заман талабына сай студенттер үйінің тұру ақысы жылдан-жылға өсуде. Студенттер пікіріне көз жүгіртсек: «Мына жағдайына ыңғайсыз негізі, мен білетін университеттерде бізден екі есе аз төлейді, бірақ жағдайы бізден жақсырақ» деп өз ойларымен бөлісті. Көптеген студенттер тұру ақысының бағасына наразылықтарын білдіруде. Олардың ойларында бұл баға күнкөріске тіптен қолайсыз. Студенттер үйінің сапасына қарай бағасының болғанын қалайды. Студенттер үйінде 2676 орынның 453-і қазіргі таңда бос. Себебі тұру ақысына қанағаттанбаған көптеген студенттер, жалдамалы пәтерге көшуді жөн көрген. Студенттер үйінің қазіргі сапасына қарай тұру ақысын енгізу, бірден-бір шешім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://ssc.ksu.kz/index.php?r=site%2Fsvm>
2. <https://ortalyq.kz/e-b-ketov-atynda-y-ara-andy-universitetinde-studentter-jini-rylysy-bastaldy/>
3. <https://fast2.ksu.kz/kz/page/objects>

**Сатымжан Д.Р.**, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

**Назарбаева Д.Н.**, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-2к тобы, студент

**Кошкинбай А.А.**, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-2к тобы, студент

**Ербол.А.**, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-1к тобы, студент

*(Ғылыми жетекші-доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М)*

## ҚАЗІРГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДАРЫНА САРАПТАМА. ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНҒА СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАТЫНАСЫ.

Қазіргі таңда студент жастарымыздың санасын дамыған, нарық билеп алған заманда, әр бір студент жұрт қатарлы өмір сүріп, қымбат киім киіп, қымбат телефондар


ұстағысы келетіні жасырын жайт емес. Ал ұялы телефонсыз дамыған заманның көшінде қалып қойған секілді көзқарас пайда болған. Нақтылап айтатын болсақ, қазіргі таңда барлық жастар заман ағынына ілесіп, яғни 21-ғасыр талабына сай өмір сүргісі келетіні айдан анық. Атап айтқанда соңғы үлгідегі ұялы телефондар, гаджеттер, планшеттер, нотбуктерге әлем бойынша үлкен сұранысқа ие. Соның бірі ұялы телефондар қазір заман талабы десек артық айтқанымыз емес. Сол себепті ұялы телефон және ұялы телефонға студенттердің қатынасы туралы қарастырсақ.

Ұялы телефон 1875 жылдың 2 маусымында Бостон университетінің Шешендік өнер мектебінің профессоры Грехем Белл ең алғаш рет байланыстырушы сымдардың көмегімен өз көмекшісінің даусын естиді. Өнертапқыш шотландтықтың бұл жаңалығы тарих бетінде телефон деген атпен қалды. Бір қызығы, өнертапқыштың есімі ағылшын тілінен аударғанда, «қоңырау» деген мағына береді. Арада бір ғасырға жуық уақыт өткенде ең алғашқы ұялы телефондар пайда болды. Иллинойс технологиялық институтының түлегі Мартин Купердің өнертапқыштық бұл жаңалығын қазір әлем халқының жартысына жуығы күнделікті қолданып отыр. Ұялы телефонмен жасалған алғашқы нағыз байланыстың тарихы 1973 жылдың 3 сәуірінен басталады. Ұялы байланыс компаниясының қызметкері Мартин Купердің зерттеулер бөлімінің басшысы Белл Лабсқа Нью-Йорк көшелерінде серуендеп жүріп соққан қоңырауы ұялы телефонмен алғашқы байланыс орнату саналады. Купердің өзі таратқыштан сигнал жіберу хаттамасының негізгі құрастырушысы еді. Ал ол қолданған телефонның салмағы, яғни ең алғашқы ұялы телефон 1,15 килограмм тартатын. Сол уақыттары Нью-Йорк әлемдегі ұялы байланыстың базалық станциялары орнатылған әлемдегі жалғыз нүкте болды, төрт жылдан соң Чикагода 2000 абоненттік тәжірибелік ұялы желі құрылды. Ал 1979 жылы бұл өнертапқыштық жаңалыққа Күншығыс елі зор қызығушылық білдіріп, 88 базалық станциядан тұратын алғашқы ұялы байланыстың қызметін бастады. Қазір әлемде ұялы телефондардың қолданыс аясы өзінің байланыс орнату шегінен асып кетті. Телефондар өмірдің барлық саласында қолданылуда. Ұялы телефон қазіргі заманда адамның ажырамас көмекшісіне және ұялы телефон заман талабына айналды.

Бұл мәселені кеңінен қарастыру үшін студенттер арасында сауалнама жүргіздік. Сауалнама алудағы критерийлер.

**Мақсаты:** ұялы телефонның студенттерге әсері, зияны мен пайдасын анықтау, студенттердің жауабын салыстыра отырып бір ортақ ой шығару.

**Міндеттері:** контент анализ жасау, сауалнама, фото-видео талдау жасау.





Сауалнамаға өтіп көріңіз:  
[https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLScSkqWixpj6YOpDHFxOXGhhQFI9tkMkgJ4NbSNtmJEtBc2\\_fA/viewform](https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLScSkqWixpj6YOpDHFxOXGhhQFI9tkMkgJ4NbSNtmJEtBc2_fA/viewform)

Сауалнама нәтижесі бойынша: қатысушылардың басым бөлігі 2-курс студенттері, 5-10% 3-4 курс студенттері. Сауалнама сұрақтарының ішінде

«Сіздің ұялы телефоныңыз қандай бренд» деген сұраққа студенттердің 90%-і ұялы телефондары соңғы үлгідегі «Iphone» екені анықталды және 60%-і ол ұялы телефондар несиеге және қолма-қол ақшаға алынған. Сіз қаншалықты жиі жаңа ұялы телефон сатып аласыз деген сұраққа басым бөлігі 3 жылда 1 рет ауыстырып отыратынын айтты. Ұялы телефоныңызда нені қатты бағалайсыз дегенде сыртқы түріне мән беретінін айтылды. Сауалнаманы қорытындылайтын соңғы сұрақ бұл ұялы телефонды таңдауызыңның себебі деген сұраққа «басқалары ұстаған соң қызықтым», «басқалары ұстаған соң менде көрейінші дедім» деген жауаптар бізді қызықтарды. Сонда соңғы үлгідегі ұялы телефондар заман талабы ма, әлде құр мақтаныш па деген сұраққа тоқталдық.

Әрине, адам баласы әрдайым бір нарсені үйренуге, білуге талпынып отырады. Бұл қазіргі қоғамның талабы екені бәрімізге айқын. Қаншама ғұлама ғалымдар, арғымағы биік ұлы өнер танушылар осы мақсатта тәжірибелерін де, жеткен жемістерін де әлем сахнасында мәңгілік өшпестей атын көкке жазып кетті. Ол дегеніміз кешегі Паскаль, математиканың әйгілі теоремасын шешкен Пифагор, тарихтың бағындырмас биігіне шыққан Геродот, тіпті әлем жүзін өз бейнесіне қаратқан, барша жұрттың миын улаған, мына бір дүниенің есігін ашып бәрін өзіне қаратқан Стив Джобс. Ол туралы әлеуметтік жүйеде журналист ағамыздың өзі “Дүниеге тағы бір айфон келді. Әлем тағы да басы айналып, айфонның апанына қарай қадам басты. #Iphonomania”, - деген болатын. Бұл сауалнаманың нәтижесін көріп біраз таңқалдық. Шыныменде, неге біз осы бір жіңішке сымсыз байланыс қорабына неге соншама есіміз кетті? Шындығына келгенде осы сауалнамадан кейін, бұл сұрақты біраз жандарға қойған едік, бірақ, бәрінің айтары бір. Сол баяғы сән, байлық, мүлік.

iPhone 15 и iPhone 15 Pro -ның шыққаны кеше ғана, яғни 9-қыркүйекте америка халқы сатылымға шығарды. Бұқаралық ақпарат құралдарының айтуы бойынша, бұл байланыс құралын сатып алушылар 7-ші қыркүйектен бастап кезекте тұр. Теңге мен санағанда құны iPhone 15 (алғашқы сатылым кезіндегі баға) 474 мың 500 теңге ден 560 мың 510 теңге сонымен бірге iPhone 15 Pro 501 мың 950 теңгеден 602 мың 600 теңге аралығында екен. 9-шы қыркүйек күні Стив Джобстың қаражат құны тағы да әлем алпауыттарының қатарынан оза шапты.

Студенттердің ойын білдік, бұл тақырыпта ұстаздар не дейді?

***Қабдиева Айнұр, радиофизика және электроника кафедрасының аға оқытушысы***

- Адамзат тарихында пайда болған қандай болмасын жаңалығына, тұрмыстың меңгеруінен құтқаратын, өмірдің ерекше сәнін келтіретін дүниесіне байыппен қарасаныздар оның пайдалы да, зиянды да тұсы болады. Ол заңдылық. Сол ноу-хау тізбегінде ұялы телефон, түрлі гаджеттің орны бөлек енді. Түрлі жас, нәсіл, ұлт, әлеуметтік деңгейдегі адам баласы қолдана беретін құрал. Оқытушылық қызметімде мен де ұялы телефонның мүмкіндіктерін пайдаланамын, студенттерге ақпарат құралдарымен саналы түрде жұмыс жасауды үйретемін. Қазіргі кезде ақпараттың көп болғаны соншалық білім алушы жастар бір қатар офлайн (жанды қарым-қатынас мағынасындағы) сипаттағы жұмыс түрлеріне қызығушылық білдірмейді. Сол себепті, менің ойымша, ұялы телефондарды сабақта мүлдем қолданбаған дұрыс. Сабақтың тәртібіне, студенттердің зейінін басты тақырыпта ұстауға бұл талаптың ықпалы зор. Білім алушылардың ұялы байланыс құралдарын уақытша сақтайтын арнайы орын жоқ, оның қажеті де керек емес деген ойдамын. Студенттердің ұялы телефондары сөмкелерінде, қалталарында жүреді. Әр оқытушы талабын жеткізеді, студенттер орындайды. Ең бастысы жасөспірімдерге гаджеттерді қалай, қай кезде, не үшін пайдалануға жөн сілтеп отырса, сол жеткілікті деп ойлаймын.

***Тұңғышбекова Мейрамгуль, физика және нанотехнологиялар кафедрасының оқытушысы***

- Ұялы телефонның пайдасынан көрі зияны кеп екенін білсек те баламен хабарласып, қайда жүргенін білу үшін мектеп жасындағы әр балаға телефон беріп қоядық. Рас, бала болғасын көзді ала бере телефонмен ойнап отырып қалады. Ол кезде телефонда отыру уақытын шектеп, қадағалап отыруға тырысамын. Дей тұрғанмен, түбегейлі тыйып тастауға тағы болмайды.

Мәселен, университеттегі «Электронды сайтқа» кіру үшін, кейде белгілі себептермен қашықтан оқу болған жағдайда осы телефонның көмегіне жүгінеді. Тіпті мұғалім whatsapp желісіне салған жаңалықтар мен хабарландырулардан бала қалыс қала ма деп тағы алаңдайсың. Қазіргі таңда көп ата-ана телефонды есін білмейтін жас балалаға ойыншық орнына, не «мазаламаса болды» деп қолдарына беріп қояды. Бұл жаңа жетіліп келе жатқан бүлдіршіннің денсаулығына кері әсерін тигізері сезсіз. Қазіргі таңда Парламент сенаты мектеп оқушыларына сабақ үстінде телефон ұстауға болмайды деген заңды мақұлдап, Президенттің қол қоюына жіберген. Өз басым бұл заңға еш қарсылығым жоқ, қайта дұрыс шешім деп ойлаймын. Себебі сабақ кезінде баланың көңілі бөлінбей, білім алуы керек деп есептеймін.

Қорытындылай келе, Кешегі өткен тарих толқыны, бүгінгі күннің бұлтартпас айнасы. Өткенімізге үңілетін болсақ, осы ата-бабаларымыз ұялы телефонсыз қалай өмір сүрген деп ойлаймыз. Шыныменде бүгінгі таңда бұл құрылғысыз ешқандай шаруаны бітіре алмайтынымыз белгілі. Бірақ, осы қымбат құрылғының Қазақстанға келуі қалай болады деген сауал мені және сізді де шешімі жоқ жауаптарға қалдыратыны мәлім. Келе салысымен ата-анамыздың бір жылдық айлығын қосып, көз жасымызды көрсетіп, сән деп ата-анамыздың киімі жыртқық болса да, достар арасында абырой беделді түсірмес үшін әйтеуір қолымызды жеткіземіз. Әрине, байлығың асып – тасып, ақшаң жетсе алуға болады. Алайда, төрт бұрышты темірге бола, барлығын құрбан етудің керегі жоқ секілді. Жоқтан бар жасап отырған қамқор ата-анамыздың жағдайын ойламай тек өз қамын ойлап, «Жұрттан қалмайын» деген позицияны ұстанып өзінің қара басын ойлаған жастар мен біздей студенттің айыбы неде? Әлде бұл заман талабы ма?

Басқа елдің биржасын қос-қолдап көтергенше, өзіміздің дүниені неге шығармасқа деп те ойлаймын. Алайда, алдыңғы кемеңің бәрі бір ағынмен ақса, ескекті қолға алу қиынға соғатын сияқты. Көкейдегі жарық шамың қараңғылатпай сіріңкені лаулатып жақсақ, жарыққа енері сөзсіз. Суланған миды ашыған санамен бүлдіртпейік.

**Қалаби Н.Б.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, тобы Фе-22-2к, студент

**Батырша Ф.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, тобы Фе-22-2к, студент

**Нуркина А.Б.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, тобы Фе-22-2к, студент

*(Ғылыми жетекші – доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М.)*

## СТУДЕНТ ЖӘНЕ ЖҰМЫС

Студент – жоғарғы оқу орнында оқып білім алушы тұлға. Студент- бір нәрсеге ұмтылушы, қызығушы деген мағына береді.



Қазіргі заманда студенттерге барлық жағдай жасалған. Мысалы: жатақхана, кітапхана, асхана, емхана, электронды кітаптар мен грантта оқитын студенттер үшін ай сайын берілетін қаражатта қарастырылған. Айта кетсек Қазақстанда жоғарға оқу орны студентінің ең аз алатын стипендиясы- 31423тг. Алайда стипендиясы студенттің күн көрінісіне жетпейтін елдер көп, өкінішке орай оның ішінде Қазақстанда бар. Оған дәлел Қазақстандағы жұмыспен қамту веб-сайтының дерегінше, жұмыс іздеген адамдардың 163 мыңға жуығы студент екендігі көрсетілген. Яғни елдегі бүкіл студенттің ширек бөлігі сабағына көңіл бөлмей, жұмыс істеп жүруі мүмкін.

Ғылыми жобамен айналысатын 14-топ мүшелері бұл мәселеге қатысты шағын зерттеу жұмыстарын жүргізді. Топ мүшелері Қалаби Нұрай мен Батырша Фатима сабақтан тыс жұмыс жасайды. Олардың айтуынша жұмыстары сабаққа әсер етпейді деседі кей жағдай да үй тапсырмалары мен оқу керек сабақтарына көңіл бөлмейтіндерін айтады.

Барлығымызды бір сұрақ мазалауы мүмкін ол: Олар студенттер ғой, тәжірбиесі жоқ, қандай жұмыс жасауы мүмкін?- деген. Студенттер даяшы, кассир, аспаз көмекшісі, тіпті күші жетсе ауыр заттарды көтеріп, қоймада да жұмыс жасай береді. Олардың басты ойлары ата-анасына күш салмай өздеріне, күн көрінісіне ақша табу болады.

## МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

<b>Оразбай Е.К., Пазылхан Р.Б., Асылбеков Н.Д., Зекен Р.</b> Кибералаяқтар.....	6
<b>Аметова Д.Б., Иманов Д.Е., Алтаева А.Б., Сағидулла А.Б.</b> Суицид среди студентов в Республике Казахстан.....	11
<b>Бекенова.Г.К., Жалғасбаева.Ж.С., Серікжан А., Сапарова А.Б.</b> Студенттердің жатақхана мен пәтер арасындағы таңдауы.....	17
<b>Иманмұса Н., Әбдісерік М., Насұрлла Д., Жарова Ж.</b> «Серпін» бағдарламасымен білім алушы студенттердің адаптация проблемалары.....	22
<b>Саттыбай А.С., Әсілбек А.Н., Рахадыл Ә.А., Нарбева А.И., Жастардың</b> әлеуметтік желіде уақыт өткізу статистикасы.....	26
<b>Турысбеков А.М., Жұмаділлә Ж.Е., Орынбасар А.Т.</b> Қазақ контенті-қоғам айнасы.....	30
<b>Махметов М.Н, Маматова Д.Г., Женисбай А.Е., Байысова А.Б.</b> Отношение студентов к проблеме окружающей среды.....	44
<b>Апендина А.Қ., Нурболат Ж., Еркінбай А.Н., Орынбасар Н.Н., Қарағанды</b> қаласының артықшылықтары мен кемшіліктері.....	49
<b>Алшатова А.Н., Балташ Қ.Б., Турмаханова Б.К., Уалханова Ш.М.</b> Қазақстан қалаларындағы адамдардың негізгі болмысы.....	54
<b>Сардарова А.Ж., Файзуллаева Ж.Қ., Әскер Б.А., Амангелді А.Ж.</b> Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері таңдаған мамандығы бойынша мәселелері.....	58
<b>Акылбекова Н.Ж., Мейрханова Т.Қ., Аюев Е.Ж., Әбдіхалық Н.Т.</b> Физика және нанотехнология кафедрасы студенттерінің жалғыздық деңгейі.....	64
<b>Ергеш Б.Б, Аманкелді А.С. Қайыржан А.Қ, Илесбай Л.Қ, Е.А. Бөкетов</b> атындағы Қарағанды университетінің студенттер үйінде туындаған мәселелер.....	70
<b>Сатымжан Д.Р., Назарбаева Д.Н., Кошкинбай А.А., Ербол.А.</b> Қазіргі студенттердің ұялы телефондарына сараптама. Ұялы телефонға студенттердің қатынасы.....	75
<b>Қалаби Н.Б., Батырша Ф., Нуркина А.Б.,</b> Студент және жұмыс.....	79
<b>Шмидт А., Қалдыбаева С.Ж., Зделеу Д.Е., Кумисбекова А.Т.</b> Педагогикалық мамандыққа түсуге әсер ететін факторлар.....	81
<b>Төлеубай Д.Ә., Ерлік Ә.Е., Сакенова Ж.К., Наурызбай А.Б.</b> "Физика-техникалық" және "Математика және ақпараттық технологиялар" факультеттерінде студенттердің бакалавр бітіргеннен кейінгі жоспарлары.....	86
<b>Абдиразакова Ж.К., Қазытай Ж.А., Рамазанова М.Х., Төлеутаева М.Е,</b> Физика-техникалық факультетінің студенттерінің бір айлық орташа шығыны.....	92
<b>Смағұл Т.Е., Ғанижан М., Мәжит Н.Н., Динахан Д.</b> Студенттердің бос уақытын қалай тиімді өткізетінін анықтау.....	98
<b>Итенов Д., Алмасқызы С., Бек Б.</b> Қазіргі жастардың театр өнеріне деген көзқарасы және қызығушылығының деңгейі.....	104